**"Shymkent temir"ЖШС « Жылдық өнімділігі жылына 500000 т/металл легирленген және көміртекті болаттан жасалған Блум түріндегі қайталама шикізатты (сынықтарды)шаршы дайындамаларға қайта өңдеу, сондай-ақ аралас прокат диірменінде 300000т/жыл болат шыбықтар өндіру зауыты » жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп жобасына ашық жиналыстар нысанында өткізілген қоғамдық тыңдаулар хаттамасы**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумактық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардын) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: "Шымкент қаласы Еңбекші ауданы әкімінің аппараты" ММ.

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: « Жылдық өнімділігі жылына 500000 т/металл легирленген және көміртекті болаттан жасалған Блум түріндегі қайталама шикізатты (сынықтарды)шаршы дайындамаларға қайта өңдеу, сондай-ақ аралас прокат диірменінде 300000т/жыл болат шыбықтар өндіру зауыты ».

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: «Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы» ММ;

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы,Қапал батыр көшесі, 79в ғимарат, "Оңтүстік"индустриялық аймағы.

Әсер ету аумағы:

1. 42°27'32.05"С, 69°70'77.21"В
2. 42°27'22.46"С, 69°70'79.37"В
3. 42°27'24.59"С, 69°70'98.39"В
4. 42°27'34.41"С, 69°70'96.22"В

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы.

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері: "Shymkent Temir" ЖШС, БСН 170240016056, мекен-жайы Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі, Оңтүстік Индустриалды аймағы, № 79В үй.

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: «Каз Гранд Эко Проект» ЖШС, тел, 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі 20 б. БСН 111040001588. Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87023322580. sholpik-@mail.ru.

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): тіркеу басталатын күн, уақыт 18.03.2025ж., сағ.: 11:00, қоғамдық тыңдаулардың басталатын уақыты 18.03.2025ж., сағ.: 11:00, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы,Қапал батыр көшесі, 79в ғимарат, "Оңтүстік"индустриялық аймағы мекенжайында өтеді.

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **1- қосымша**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **2- қосымша**

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ жарияланған https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=16344;

2) жергілікті атқарушы органның сайтында жарияланымдар бөлімінде https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=ru жарияланған;

3)Бұқаралық ақпарат құралдары: «Айғақ» Телерадиокомпаниясы, Эфирлік анықтама №037, 05.02.2025., «Айғақ» газеті, 05.02.2025 ж. № 05 басылымында.

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында келесі мекен-жайлар бойынша орналастырылды: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Толстой көшесі, 119 үй, хабарландыру тақтасында – 2 дана. **3-қосымша.**

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері: қоғамдық тыңдауларға қатысушы 15 адамның ішінен қатысушылардың барлығы Смадиярова А.М.. қоғамдық тыңдаудың хатшысы ретінде бірауыздан таңдауды қолдады, оның ішінде: қолдайтындар саны 14, қарсы болғандар – 0, қалыс қалатындар – 1.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушы 15 адамның барлығы бірауыздан қоғамдық тыңдаудың Регламентін бекітті, оның ішінде: қолдайтындар саны – 14, қарсы болғандар – 0, қалыс қалатындар – 1.

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:
«Каз Гранд Эко Проект» ЖШС жобасы: Смадиярова А.М.
Баяндама тақырыбы: « Жылдық өнімділігі жылына 500000 т/металл легирленген және көміртекті болаттан жасалған Блум түріндегі қайталама шикізатты (сынықтарды)шаршы дайындамаларға қайта өңдеу, сондай-ақ аралас прокат диірменінде 300000т/жыл болат шыбықтар өндіру зауыты ».
Баяндама 3 беттен, 3 слайдтан тұрады (хаттамаға қоса тіркеледі).

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ

ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар:

Қоғамдық тыңдаулар бірауыздан өткізілді деп танылды, қоғамдық тыңдауларға 15 азаматы қатысты. Қаралып отырған құжаттар мен тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар болды.

16.Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17.Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Шымкент қаласының қалалық жолдар ортасын дамыту басқармасының бас маманы Мусабай Е.С.

19.03.2025ж. [signature]

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

«Каз Гранд Эко Проект» ЖШС экологы Смадиярова А.М. [signature]

19.03.2025ж.

## Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

| т/а № | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушшінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ") |
|---|---|---|---|
| 1 | Джункабаев К.(«Shymkent temir» ЖШС өкілі):<br>- Шығып жатқан шлактарды жол төсемдері мақсатында қолданайын деп жатқаны дұрыс, себебі шлак қышқылданбайды, ыдырамайды, монокристалл сияқты болып қалады, атмосфераға зиян байланысы болмайды. Басқа материалдардың мәселесі қалай болады? Біз осыған дейін «Кум-Тас» ЖШС тапсырып келдік. Қазір жабылып қалды, осыған байланысты қалдықтармен жұмыс істейтін мекемелер жағынан көмек беріп жіберсеңіздер. Өндіріс орны болғандықтан шлак шығады міндетті түрде, біз территориямызда ұзақ сақтай алмаймыз. | «КазГрандЭкоПроект» ЖШС экологы Смагул А.:<br>- Иә, ол мекеме жабылып қалды. Шлактарды алдымен құрамына анализ жасап, неге жарайды, соны анықтап алу керек. Осылай көлемін азайтсаңыздар болады.<br>- Иә, 6 айдан артық сақтауға болмайды. Заң бойынша 6 айдан артық сақтасаңыздар жинау емес көму сияқты болып кетеді. Ал, уақытша сақтау 6 айдан аспау керек, сол уақыт аралығында бір шешімін тауып, жіберу керек. | алынып тасталды |
| 2 | Боранбеков К.(Бадам-2 ауылының тұрғыны)<br>- Жылына 300 000 тоннадан өндірістен шыққан шлакты қай жерде сақтайды? | «КазГрандЭкоПроект» ЖШС экологы Смагул А.:<br>- Біріншіден, 300000 тоннадан айтарлықтай, бірнеше еселеп шықпайды. Себебі, бұл жер кен орны емес, кәдімгі темірді қайтадан балқытады.Өндірісте шлакты пайдаланбағандықтан, шлакты 6 айдан артық сақтамау керек. | алынып тасталды |
| 3 | Боранбеков К.(Бадам-2 ауылының тұрғыны)<br>- Оның ауаға зияны бар ма? | «КазГрандЭкоПроект» ЖШС экологы Смагул А.:<br>- Шлактың ауаға зияны жоқ, тек тасымалдау кезінде шаңдану болады. Бұған дейін де бірнеше рет анализ жасалынған, мысалы 2022 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жылы ЮКГУ-дың лабораториясында анализ жасалған кезде, ешқандай қауіптілігі анықталмады. Сол себепті, қауіптілігі жоқ, тек шаң көтеріледі. | алынып тасталды |
| 4 | Оразалинов Е.(Партия «Байтақ»)<br>- Су жөнінде келісім-шарт бар, су ресурстары және маркетинг, 2017 жыл жазылып тұр, пролонгация болды ма? Создырылған келісім-шартты қосыңыздар. | «КазГрандЭкоПроект» ЖШС экологы Смагул А.:<br>- Ол келісім-шарт бойынша пролонгация жасалынған. Жақсы, келісім-шартты қосамыз. | алынып тасталды |
| 5 | Оразалинов Е.(Партия «Байтақ»)<br>- Жалпы жоба қандай?Тек прокатный стан қойылуына байланысты жоба әзірленуде ме? | «КазГрандЭкоПроект» ЖШС экологы Смагул А.:<br>- Иә, тек прокатный стан орнатылуына байланысты, басқасы өзгермеді. | алынып тасталды |
| 6 | Оразалинов Е.(Партия «Байтақ»)<br>- Қалдықтар бойынша, ЛОС, тазарту фильтрлері, лабороториялық қалдықтар, транспорттардың, сонымен қатар тамақ қалдықтары жоқ. Соларды қосу керек. | «КазГрандЭкоПроект» ЖШС экологы Смагул А.:<br>- Жақсы, бізге департаменттен ресми ескерту келеді жақын арада, сонымен қосып осы ескертпелермен де жұмыс жасаймыз. | алынып тасталды |
| 7 | Оразалинов Е.(Партия «Байтақ»)<br>- Содан кейін қосымша шығарынды көздері бар, «хранение шлака, пересыпка шлака, склад извести» осы шығарынды көздерін қосыңыздар. | «КазГрандЭкоПроект» ЖШС экологы Смагул А.:<br>- Жарайды. | алынып тасталды |

1-қосымша

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 25220717001, Дата: 31/01/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: (ул.Капал батыра, Здание 79в, Индустриальная зона "Оңтүстік")

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:
Предмет общественных слушаний: Завод по переработке вторичного сырья (лома) в квадратные заготовки в виде блюма из легированных и углеродистых сталей годовой производительностью 500000 т/год металла, а также производство 300000т/год стальных прутков на комбинированном прокатном стане

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: г.Шымкент, Енбекшинский район,ул.Капал батыра, Здание 79в, Индустриальная зона "Оңтүстік", 18/03/2025 11:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (2 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
газета "Айғақ "; Айғақ тв

*(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

г.Шымкент, Енбекшинский район, улица Толстого, дом

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "SHYMKENT TEMIR" (БИН: 170240016056), 87753245005, sholpik-@mail.ru,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 25220717001, Дата: 10/02/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25220717001, от 31/01/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Завод по переработке вторичного сырья (лома) в квадратные заготовки в виде блюма из легированных и углеродистых сталей годовой производительностью 500000 т/год металла, а также производство 300000т/год стальных прутков на комбинированном прокатном стане, в предлагаемую Вами 18/03/2025 11:00, г.Шымкент, Енбекшинский район,ул.Капал батыра, Здание 79в, Индустриальная зона "Оңтүстік"(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "SHYMKENT TEMIR" (БИН: 170240016056), 87753245005, sholpik-@mail.ru,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

2-қосымша

# Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

| № р/с | Қатысушының аты-жөні | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы) | Байланыс телефон нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Сматул А.Т. | жобалаушы өкілі | 87058629455 | жеке | |
| 2 | Дюсенкабаев | „Шыңыс Тепіргеш" | 8-701-3588167 | жеке | |
| 3 | Мамбеттеміров А | Базан.А | 87476335604 | жеке. | |
| 4. | Таштаев. А.Е. | Шаңырақ е.м. | 87018969817 | жеке | |
| 5. | Юнусов Б.Д. | Шаңырақ е.м. | 87752655484 | жеке | |
| 6 | Ахмедов. А.И. | Шаңырақ | 87889917857 | жеке | |
| 7) | Жолан О.М. | Базан 2 м.а | 8708855258 | жеке | |
| 8 | Борисенков К.К | Базан 2 е.м | 87076712475 | жеке | |
| 9 | Атымтаев А.А. | Шаңырақ | 87074297686 | жеке | |
| 10 | Мусаев С.С. | Шаңырақ ЕМ | 87769096006 | жеке | |
| 11 | Сейітбайұлы | Шаңырақ ЕМ | 87024997674 | жеке | |
| 12 | Смагулова А | эколог | 87753070005 | жеке | |
| 13 | Мусабай Е. | ЖЕОДБ бас маман | 8776-001-05-79 | жеке | |
| 14 | Султанмұратов | эколог | 8747-669-99-21 | жеке | |
| 15 | Оразалинов Е | Партия „Байтақ" | | онлайн | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

Қазақстан Республикасы
Телерадиокомпаниясы

АЙҒАҚ

Республика Казахстан
Телерадиокомпания

160000, Қазақстан Республикасы,
Шымкент қ., F.Илияев к-сі, 29
Тел: 8 (7252) 213-611, факс: 300-725.

«Айғақ»Телерадиокомпания»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
E-mail: aigak@mail.ru

БИН 021040005581
KZ8894815KZT22031186
БИК EURIKZKA
" Еуразиялық Банк " АҚ

«05» 02 2025 г. №037 Шымкент қаласы

# ЭФИРЛІК АНЫҚТАМА

2025 жылғы 06 акпан «Айғақ» телеарнасының жүгіру жолы арқылы келесі хабарландыру шакканын растаймын: "Shymkent temir"ЖШС « Жылдық өнімділігі жылына 500000 т/металл легирленген және көміртекті болаттан жасалған Блум түріндегі қайталама шикізатты (сынықтарды)шаршы дайындамаларға қайта өңдеу, сондай-ақ аралас прокат диірменінде 300000т/жыл болат шыбықтар өндіру зауыты » жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.Тыңдау 2025 жылдың 18 наурызында сағат 11:00-де , Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы мекенжайы бойынша өтеді, Қапал батыр көшесі, 79в ғимарат, "Оңтүстік"индустриялық аймағы мекенжайында өтеді:сылка Zoom:
https://us05web.zoom.us/j/81093450725?pwd=xMI8xdfdlv6eyFGz9jA2tzsGtRiaqA.1
Конференция идентификаторы: 810 9345 0725, Кіру коды: 123456 .
Әсер ету аумағы:

42°27'32.05"С, 69°70'77.21"В
42°27'22.46"С, 69°70'79.37"В
42°27'24.59"С, 69°70'98.39"В
42°27'34.41"С, 69°70'96.22"В

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық сайт мекенжайы https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=ru сондай-ақ ресми сайт https://ecoportal.kz /. жоба бойынша құжаттама https://ecoportal.kz/ .

ТОО "Shymkent temir"проводит общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду по проекту «Завод по переработке вторичного сырья (лома) в квадратные заготовки в виде блюма из легированных и углеродистых сталей годовой производительностью 500000 т/год металла, а также производство 300000т/год стальных прутков на комбинированном прокатном стане».Слушания состоятся 18 марта 2025 г. в 11:00 по адресу г.Шымкент, Енбекшинский район,ул.Капал батыра, Здание 79в, Индустриальная зона "Оңтүстік",сылка Zoom:
https://us05web.zoom.us/j/81093450725?pwd=xMI8xdfdlv6eyFGz9jA2tzsGtRiaqA.1
Идентификатор конференции: 810 9345 0725, Код доступа: 123456.

Территория воздействия:

42°27'32.05"С, 69°70'77.21"В
42°27'22.46"С, 69°70'79.37"В
42°27'24.59"С, 69°70'98.39"В
42°27'34.41"С, 69°70'96.22"В

Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=ru, так же официальный сайт https://ecoportal.kz/. Документация по проекту размещена на https://ecoportal.kz/.

Мәтініндегі хабарландыру жүгіртпе жол арқылы екі (қазақ,орыс) тілде берілгендігін растаймыз.«Айғақ» телеарнасының эфтрі Шымкент қаласы мен Түркістан облысын камтиды.

**« Айғақ» Телерадиокомпаниясы»**
**Бас редакторы** **Ұ.Наушабаева**

*Орындаған: Ә. Ақнұр*
*8 (7252)-21-34-30*

**Баяндама**

**« Жылдық өнімділігі жылына 500000 т/металл легирленген және көміртекті болаттан жасалған блюм түріндегі қайталама шикізатты (сынықтарды)шаршы дайындамаларға қайта өңдеу, сондай-ақ аралас прокат диірменінде 300000т/жыл болат шыбықтар өндіру зауыты» жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдау**

(Смадиярова А.М., эколог ТОО «Каз Гранд Эко Проект»)

Тапсырысшы: «Shymkent Temir» ЖШС.

Объект I санатқа жататын объектілердің қатарына жатады, сонымен қатар СҚҚ – 500м. құрайды.

«Шымкент Темір» ЖШС өндірістік алаңы Шымкент қаласының оңтүстік-шығыс бөлігінде, «Оңтүстік» индустриялық аймағының аумағында, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі, 79в корпусында орналасқан. Нысан барлық жағынан өндірістік және қойма үй-жайларымен шектеседі: солтүстіктен – индустриялық аймақтың ішкі жолы, шығыс жағынан – «Югремгаз» ЖШС, «Ойлерс» ЖШС , оңтүстіктен- «Арткурылыс» ЖШС, батыстан-«Ferrum-Vtor» ЖШС шектеседі. Зауыттың өндірістік құрылымы жинақы болып келеді.

Өндірістік ғимарат келесі бөлімдерден тұрады:

- шикізат қоймасы;
- балқыту бөлімі;
- дайындамаларды үздіксіз құю бөлімі;
- өнімділігі жылына 300 000 тонна құрайтын диірмен
- дайын өнім қоймасы.

Кәсіпорын қолданыстағы өнеркәсіп болып табылады. Ең жақын тұрғын үйлер кәсіпорынның оңтүстік-батысында

Бадам-2 ауылы 1,16 км қашықтықта орналасқан. Бадам-1 ауылы - 1,8 км. Ең жақын жер үсті су объектісі Сайрам-су өзені солтүстік-батыс жағынан учаскеден 500 метрден астам қашықтықта ағып жатыр.

Зауыт 40 тонналық болат құятын индукциялық пештерді пайдалана отырып, легирленген және көміртекті болаттан жасалған блюм түріндегі төртбұрышты дайындамаларға қайталама шикізатты (сынықтарды) өңдеуге арналған зауыт болып табылады. Зауыттың өндірістік қуаты жылына 500 000 тонна металды құрайды, оның ішінде: болат профилы 200 000 т/жыл, көміртекті болат- 300 000 т/жыл. 2018 жылы «Шымкент Темір» ЖШС кәсіпорнында жылына 250 000 тонна болат блюм өндіретін бірінші технологиялық желі іске қосылды. Бірінші қатардағы негізгі технологиялық жабдықтарға мыналар кіреді:

2 болат балқыту индукциялық 40 тонналық пеш, сыйымдылығы 50 тонна болатын күрделі болат тазалау қондырғысы, №2газ тазалау жүйесі, үздіксіз құю машинасы. 2019 жылы екінші өндірістік желіге арналған жабдық орнатылды – №1 газ тазарту жүйесімен жабдықталған 2 болат балқытатын индукциялық 40 тонналық пеш.

**Технологиялық процесс келесі негізгі операцияларды қамтиды: қабылдау, балқыту үшін шикізатты дайындау және жеткізу, шихтаны 40 тонналық индукциялық пештерде балқыту; күрделі болат тазалау қондырғысында жоғары сапалы көміртекті болатты алу, үздіксіз құю станогында шаршы дайындамаларды жасау.**

**Өнімді өндіруге арналған шикізат (шихта) металл сынықтары болып табылады.**

Кәсіпорынға келіп түсетін металл сынықтары мұқият кіріс тексеруінен өтеді.

Аталған есеп жобасына сәйкес, зауытта дайындамаларды илемдейтін құрама диірмен орнату жоспарлануда.

Металл прокаттау - бұл дайындамаға айтарлықтай қысым түсіретін металды өңдеу технологиясы. Операция роликті жүйелермен жабдықталған арнайы илемдеу машинасында жүзеге асырылады.

Құрама прокат диірменін орнату 2025 жылдың бірінші тоқсанына жоспарланған, 2025 жылдың екінші тоқсанынан бастап жұмыс істей бастайды.

**<u>Атмосфералық ауа</u>**

1. № 1 Газды тазарту жүйесі (ист №0001) 2 индукциялық 40 тонналық пештен, жартылай жабық сорғыштан (түтін сорғыш), DLM-1380 қап сүзгіден, биіктігі 32 м, диаметрі 2,4 м мұржадан тұрады.Тазалау тиімділігі 99 % құрайды.
2. № 2 Газды тазарту жүйесі (ист №0002) 40 тонналық 2 индукциялық пештерден және жартылай жабық сорғыштан (түтін сорғыш), DCMC-1760 қап сүзгісінен, биіктігі 32 м, диаметрі 2,4 м мұржадан тұрады.
3. Үздіксіз құю машинасы (ист №0003)
4. Дизель-генератор(ист №0004)
5. Дайындаманы жылытуға арналған пеш (ист.0005)
6. Металл сынықтарын газбен кесу(ист №6001)
7. Шикізатқа арналған ашық қоймада пресс қайшылары (2 дана) (ист №6002)
8. Балқыту бөлімінде индукциялық пештердің болат шөмішін қыздыру және кептіру үшін газ оттығы. (ист №6003)
9. Күрделі болат өңдеу қондырғысының тундикасын қыздыру үшін газ оттығы қолданылады(ист №6004)
10. Үздіксіз құю машинасынан шыққанда дайындамалардың газбен кесілуі (ист №6005)

Пайдалану кезінде жалпы шығарынды көзі 21.3803107 г/с, 516.14196834т/жыл құрайды.

**<u>Жер үсті және жер асты сулар</u>**

Ең жақын жер үсті су объектісі Сайрам-су өзені солтүстік-батыс жағынан 500 м-ден астам қашықтықта ағып жатыр. Нысан су қорғау аймағына кірмейді.

Жобаланған нысан жер үсті су көздерінен су алуды және іргелес аумақтың жер үсті және жер асты объектілеріне тікелей ағызуды көздемейді, сондықтан су объектілеріне тікелей әсер етпейді. Ыстық сумен жабдықтау электр су жылытқыштарынан жүзеге асырылады.

Қолданыстағы кәріз желілеріне тұрмыстық сарқынды суларды жіберу қарастырылған.

Дайындамаларды салқындатқаннан кейін су науаларға түседі және бассейнге қайтады. Өндірістік қажеттіліктерге арналған су толығымен қайта өңделеді.

**Өндіріс және тұтыну қалдықтары**

Пайдалану кезеңінде қызметкерлердің тыныс-тіршілігі нәтижесінде 22,5 тонна көлемінде коммуналдық қалдықтардың түзілуі күтілуде. Аумақ жарықдиодты шамдармен жарықтандырылған. Пайдаланылған шамдардың түзілу көлемі 0,0293 т. Сүзгілерге түскен шаң-3495,17т. Шөберектер- 0,08128т. Шлак- 2150т. Шлакты жол құрылысымен айналысатын арнайы кәсіпорындарға беру үшін шлактардың құрамына талдау жасайды.

Қалдықтарды басқару талаптары сақталған жағдайда қоршаған ортаның ластануы болжанбайды.

Қалдықтарды жинау және уақытша сақтау арнайы алаңдарда металл контейнерлерге жүзеге асырылады, одан әрі келісім шарт бойынша кәдеге жарату үшін мамандырылған кәсіпорындарға беріледі. Қалдықтарды ұқыпты сақтау және оларды басқару, сондай-ақ сақтауға арналған арнайы котейнерлерді пайдалану, қоршаған ортаға ықтимал жағымсыз әсерлерді барынша азайтады. Арнайы қалдықтарды жинайтын орындарда уақытша жиналатын қалдықтар алты ай мерзімінен асып тұрмау керек (мамандырылған ұйымдарға жіберу) немесе осы қалдықтарды қалпына келтіру немесе өздері жою операцияларға ұшырайтын арнайы объектіге дербес әкетулері қажет. Қалдықтарды көму жобада көзделмеген және көму лимиттері белгіленбейді.

**Өсімдіктер және жануарлар әлемі**

Жасыл желектерді бұзу/мәжбүрлеп көшіру күтілмейді. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен құстардың көбеюі және ұя салу орындары жоқ.

I және II санаттағы объектілердің операторлары өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептерді белгіленген тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсыну;

Өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде өндірістік процестің тиімділігін экологиялық бағалау қоршаған ортаға эмиссиялардың, зиянды өндірістік факторлардың деңгейін, сондай-ақ табиғи, энергетикалық және өзге де ресурстарды тұтынудың нақты көлемін өлшеу және (немесе) есептеу негізінде жүзеге асырылады.

**Қалдықтарды басқару бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:**

1. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауды ұйымдастыру
2. Өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу
3. Қож құрамына талдаулар жүргізу.